

## «Көрісу күні» атты мерекелік іс-шара

Наурыз айының 14-і күні қазақ халқы үшін ерекше мереке – Көрісу күні аталып өтеді. Бұл күн – адамдардың бір-бірімен қауышып, амандықсаулық сұрасатын, ақ тілектерін арнайтын мейрам. Көрісу күні – тек кана көрісу емес, өткен жылда болған киындықтарды артқа тастап, жаңа жылға үмітпен қадам басатын күн.

Осы атаулы күнге орай балабақшамызда «Көрісу күні» атты мерекелік шара өтті. Іс-шара жүргізушилері қазақ тілдерінде құттықтау сөздерін айтЫП, Көрісу күнінің маңыздылығын түсіндірді.

### Мерекелік бағдарлама

Шара барысында ұлттық салт-дәстүрге сай көріністер қойылып, балабақша тәрбиленушілері мерекеге арналған жүрекжарды тілектерін білдірді. Сахнада ұлттық би «Қамажай» орындалып, қатысушыларға көтерінкі көніл-күй сыйлады. Сонымен қатар, Аналардан куралған «Әжелер ансамблі» халық әні «Күміс құмған айды» орындалап, мерекенің шырайын аша түсті.

### Батаның орны ерекше

Қазақ халқы үшін бата беру – ерекше дәстүр. Іс-шара барысында ардагер үстаздарымыз бата беріп, жаңа жылда амандық, бірлік, табыс тіледі. Бұл Көрісу күнінің тағы бір маңызды ерекшелігін айшықтай түсті.

### Шара сонында жүргізушилер:

– Көрісу күні – бұл біздің бірлігіміз бен достығымызды, бауырмалдық пен сыйластығымызды нығайтатын мейрам. Баршанызға денсаулық, амандық, бақыт тілейміз! Көрісу күні құтты болсын! – деп түйінделді.

Мерекелік шара қазақ халқының салт-дәстүріне негізделген жылулықка, сыйластық пен бірлікке толы болды. Бұл мереке – тек өткен жылмен қоштасу емес, жаңа жылды ақ көнілмен, ізгі ниетпен қарсы алуудың көрінісі.